

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ

№ 65 жалпы білім беретін орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы

Ақтөбе қаласы
Кеңес Нокин ауылы
Тұрғындар алабы 115А

01.08.2024ж.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «№65 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің кезектен тыс 2024ж. 29.02 күнгі №4 педагогикалық кеңес шешімі 2024 ж 01.03 №66 н/қ бұйрығының негізінде 01-31.07 аралығында № 65 жалпы білім беретін орта мектебінің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж 01.03 № 66-н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

1	Жантурина Марфуха Саменовна	Мектеп директоры, комиссия төрағасы
2	Қоразова Ғазиза Ерболатқызы	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Тлеубергенова Бағдагүл Нұғайбайқызы	Математика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Тулепов Бауржан Бахитжанович	Ағылшын тілі пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Жайтуганова Нұрлыгул Шаукымовна	Бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілітін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы
Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы) «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 65 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, К.Нокин тұрғын алабы, 115 А, почталық индексі: 030014, БИН: 17104001661
Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт): Тел: 8(7132)730332); эл.поштасы: 65-mektep@aktgoroo.kz Мектеп сайты: http://aktobe-65-aktobe.edu.kz/
Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер): Мектеп директоры Жантурина Марфуха Саменовна, ұялы телефоны: 87024079774, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №360 бұйрығымен тағайындалған. <i>(Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі)</i>
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар: « 65 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме Ақтөбе қаласының Әкімдігінің 25 қыркүйек 2017 жылғы № 5119 қаулысымен «№ 65 жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылған. Құрылтайшысы: Ақтөбе облысының әкімдігі. Аталған саланың уәкілетті органы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-тиісті саланың уәкілетті органы), ал мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады. (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган). <i>(Мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі)</i>
Рұқсат етуші құжаттар: «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 12.06.2019 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ 92LAA00016296 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген. <i>(Лицензияның көшірмесі қоса беріледі)</i> <i>(Педагогикалық кеңестің хаттамасының көшірмесі)</i> <i>(Аттестациялық комиссияны құру туралы бұйрық)</i>

2. Кадрлық құрамға талдау

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.

Білім беру сапасы негізінен педагогикалық құрамның сапасымен анықталады. Тексеру барысында кадрлармен жұмыс жөніндегі барлық нормативтік құжаттардың бар екендігі, жеке құрамды есепке алу кітабы, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітабы уақтылы жүргізілетіні, еңбек шарттары жасалатыны, педагогтердың жеке істері бар екендігі анықталды. Директордың, директордың оқу, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, педагог-логопед, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің, аға тәлімгері лауазымдық нұсқаулықтары бар. Кадрлармен қамтамасыз етуді талдау барысында педагог қызметкерлердің сандық және сапалық құрамының келесі нәтижелері алынды.

(7- қосымша).

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер:

2021-2022 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2021-2022 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес **44 педагог** жұмыс атқарды, оның ішінде 1 психолог, 1 аға тәлімгер, 2 педагог ұйымдастыру, 1 логопед, 1 әлеуметтік педагог, 1 кітапханашы. 44 педагогтің ішінде: санаты жоқ – 14, «екінші санатты» – 0, «бірінші санатты» – 0, «жоғары санатты» - 1, «педагог модератор» - 7, «педагог-сарапшы» - 14, «педагог-зерттеуші» - 7, «педагог-шебер» - 1. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам – **52,2%.**

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны - 23, санаты жоқ – 7, «екінші санатты» – 0, «бірінші санатты» – 0, «жоғары санатты» - 0, «педагог модератор» - 3, «педагог-сарапшы» - 8, «педагог-зерттеуші» - 4, «педагог-шебер» - 1. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам – **56,5 %.**

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 28, санаты жоқ – 12, «екінші санатты» – 0, «бірінші санатты» – 0, «жоғары санатты» - 1, «педагог модератор» - 3, «педагог-сарапшы» - 8, «педагог-зерттеуші» - 4, «педагог-шебер» - 0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам – **46,4 %.**

2022-2023 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес - **43 педагог**, оның ішінде 1 тәлімгер, Б.Құрлыстың декреттік демалысқа кетуіне байланысты психолог 1- бірлік вакантта тұрды (сырттай қоса атқарушы, совместитель) А.Абдуллина жұмыс жасады, 1 әлеуметтік педагог, 1

кітапханашы. 43 педагогтің ішінде: санаты жоқ – 12, «екінші санатты» – 0, «бірінші санатты» – 0, «жоғары санатты» - 1, «педагог модератор» - 7, «педагог-сарапшы» - 16, «педагог-зерттеуші» - 6, «педагог-шебер» - 1. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам – **55,8 %**.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтерді саны - 20 , санаты жоқ – 4, «екінші санатты» – 0, «бірінші санатты» – 0, «жоғары санатты» - 0, «педагог модератор» - 3, «педагог-сарапшы» - 8, «педагог-зерттеуші» - 4, «педагог-шебер» - 1. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам – **65 %**.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 28, санаты жоқ – 9, «екінші санатты» – 0, «бірінші санатты» – 0, «жоғары санатты» - 1, «педагог модератор» - 6, «педагог-сарапшы» - 9 , «педагог-зерттеуші» - 3, «педагог-шебер» - 0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам – **46,2 %**.

2023-2024 оқу жылы. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді.

Білім беру ұйымдарын бағалау сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2023-2024 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес - **45 педагог**, оның ішінде 1 тәлімгер, 2 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 кітапханашы. 45 педагогтің ішінде: санаты жоқ – 18, «екінші санатты» – 0, «бірінші санатты» – 0, «жоғары санатты» - 1, «педагог модератор» - 3, «педагог-сарапшы» - 15, «педагог-зерттеуші» - 7, «педагог-шебер» - 1. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам – **53,3 %**.

Бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 20 мұғалім. Оның ішінде – «педагог-зерттеуші» – 6 мұғалім, «педагог-сарапшы» – 7 мұғалім, «педагог-модератор» – 1 мұғалім, педагог - 5 мұғалім. Сапалық құрам – **70 %** құрап отыр. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - 28 . Оның ішінде «педагог-шебер» – 0, «педагог-зерттеуші» – 2 мұғалім, «педагог-сарапшы» – 11 мұғалім, «педагог-модератор» – 1 мұғалім, педагог - 13 мұғалім. Сапалық құрам – **50 %** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша - **50 %**- талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Гуманитарлық бағыттағы педагогтер саны – 11. Оның ішінде «педагог-шебер» – 0, «педагог-зерттеуші» – 1, «педагог-сарапшы» – 5, «педагог-модератор» – 0, педагог - 5 мұғалім. Сапалық құрам – **54,5 %** құрап отыр.

Жаратылыстану-математика бағыттағы педагогтер саны - 9 . Оның ішінде «педагог-шебер» - 0, «педагог-зерттеуші» - 1, «педагог-сарапшы» - 1, «педагог-модератор» - 0, «жоғары санатты»- 1, педагог-6. Сапалық құрам – **33,3%**. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

«№ 65 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-де педагог саны - 45, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер - 42, арнаулы орта білімі бар педагогтер - 3, қайта даярлау курсынан өткен 1 педагог (педагог-ассистент Жанысбаева А.А.).

Магистр дәрежесі бойынша – 3 педагог. Жоғары білімі бар педагогтардың үлесі – **93,3%**, арнаулы орта білімі бар педагогтердің үлесі – **4,4%**.

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

2021-2022 оқу жылында. Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта Благодар орта мектебінің 2021-2022 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Жоспар негізінде соңғы 2016 жылы курстан өткен педагогтердің және 2021-2022 оқу жылында аттестациялаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығына сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курсынан өткізілген.

2021-2022 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

Аталған оқу жылында А.Ғ.Кеңесбай, Б.Есенжолов, Ж.Кәдір, Н.Шамуратова, А.Умар – **жас маман болуына байланысты 5 жыл еңбек өтілі болмағандықтан біліктілікті арттыру курсынан өту міндетті емес екендігі мәлім және**

Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 25 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.

2022-2023 оқу жылында Ә.Бағытбай, Ж.Кәдір, А.Амидуллаева, Н.Шамуратова, А.Умар – **жас маман болуына байланысты 5 жыл еңбек өтілі болмағандықтан**

біліктілікті арттыру курсынан өту міндетті емес екендігі мәлім. (А.Умар осы оқу жылында декреттік демалысқа кетті).

2023-2024 оқу жылында А.К.Амидуллаева, Н.Н.Атыраубаева, Ж.С.Досанова – жас маман болуына байланысты 5 жыл еңбек өтілі болмағандықтан біліктілікті арттыру курсынан өту міндетті емес екендігі мәлім. Умар Аякөз Ренатқызы 01.07.2024 жылы әлеуметтік педагог лауазымына декреттік демалыстан қосылуына байланысты (Бұйрық № 150, 28.06.2024ж.) курстан алдағы 2024-2025 оқу жылында өтеді.

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Инклюзив бойынша
2021-2022 о.ж.	44	15	14
2022-2023 о.ж.	43	4	-
2023-2024 о.ж.	45	22	10

(Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттардың көшірмесі)

(Педагог кадрлардың инклюзивтік білім беру курстарынан өткені туралы сертификаттардың көшірмесі)

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша:

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Директордың тәрбие ісі орынбасары	Директордың оқу әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
	Жантурина Марфуха Саменовна	Исабекова Айманкул Шайкуловна	Кабакбаев Баубек Амангалиевич, Қайнадин Бекбол Киікбайұлы	Еспамбетова Айгуль Бартаевна
2022-2023 оқу жылы			Кабакбаев Б.А: «Мектептегі басқарудағы инновациялық менеджменті» 15.06.2023ж.	
2023-2024 оқу жылы	Жантурина М.С: «Тұрақты даму жағдайындағы білім беру сапасын басқару» 06.10.2023ж.	Исабекова А.Ш. «Тұрақты даму жағдайындағы білім беру сапасын басқару» 06.10.2023ж.	Қабакбаев Б.А: «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» 13.10.2023ж. Қайнадин Б.К: 1) «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын	Еспамбетова А.Б: «Тұрақты даму жағдайындағы білім беру сапасын басқару» 06.10.2023ж.

			қамтамасыз ету» 13.10.2023ж. 2)«Ата-аналарды психологиялық ағартудың ғылыми- әдістемелік негіздері» 29.09.2023ж.	
--	--	--	--	--

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткені туралы мәлімет

№	Педагогтің аты-жөні	Білімі	Лауазымы	Басшы және басшының орынбасарларының біліктілігі
1	Жантурина Марфуха Саменовна	Жоғары, бастауыш класс мұғалімі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті-1996ж.	Мектеп директоры	Бұйрық № 191, 22.07.2021ж. «Екінші санатты басшы» біліктілік санаты.
2	Исабекова Айманкул Шайкуловна	Жоғары, кәсіптік жоғары білімді бастауыш сыныптар мұғалімі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты 2006ж.	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Бұйрық № 208, 12.07.2021ж. «Үшінші санатты басшының орынбасары» біліктілік санаты.

(Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткені туралы мәліметтер қоса беріледі)

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Баубек Амангалиевич Кабакбаев және оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Айгуль Бартаевна Еспаμβетова биылғы 2023-2024 оқу жылының аяғында орынбасар ретіндегі еңбек өтілі 3 жылға толды, 2023-2024 оқу жылының аттестациясында басшының орынбасары ретінде санатын арттырады. Қайнадин Бекбол Киікбайұлының директор орынбасары лауазымындағы еңбек өтілі 9 ай.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;

2021-2022 оқу жылында

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Г.Т.Абдижалелованың қазақ тілі мен әдебиетінен әдістемелік құралы мен электронды ортасы. «Мектебім құтты мекенім» атты ақпараттық танымдық кітапқа мектептен 25 мұғалімнің мақаласы жарияланды. Н.Б.Ершекенованың, Н.А.Нағыметованың, Б.Н.Тлеубергенованың «Қазақстан орта мектебі» республикалық әдістемелік журналына сабақтары жарияланды. Қалалық тамыз конференциясының жинағына Н.Б.Ершекенова мен А.Б.Еспаμβетованың

мақалалары жарияланды. А.Б.Еспамбетова, Н.Р.Кушерова, Г.Е.Қоразова - "U-Stusy" тестілеу орталығы және "Нұр-Science" жоғары әдістемелік-ғылыми мектебі ұйымдастырған бастауыш сынып мұғалімдер арасындағы республикалық "Пед.олимпиада-2021" - 1 орынға ие болды. А.Б.Еспамбетованың "Бастауыш мектеп" республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналына сабағы жарияланды, қаңтар 2022жыл № 1. А.Б.Еспамбетова мен А.Ш.Исабекованың Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы "Мектеп жұмысын ұйымдастырудың тиімді формалары" әдістемелік нұсқаулығы шықты. Н.Ш.Жайтуганованың "Бастауыш мектеп" республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналына сабағы жарияланды, қаңтар 2022жыл №1. М.С.Жантурина Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Байғанин ауданының білім бөлімі "Кәсіби шеберлік - білім сапасының кепілі" облыстық семинар – практикумда коучинг өткізді. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының педагогикалық пәндік олимпиадада Г.Н.Жүсіпова – 1 орын, Б.Н.Тлеубергенова – 2 орын, Б.Б.Тулесов – 3 орын. А.Ш.Исабекованың қазақ тілінде оқу жүргізілетін мектептердің 1-4 сыныптарына арналған диктанттар жинағы шықты (әдістемелік авторлық бағдарлама) ISBN 978-601-954-57-4. Б.К.Қайнадин мен А.Б.Кабылғалимовтың «Жаңартылған білім мазмұны аясында дене шынықтыру пәнін оқытудың ерекшеліктері» - жалпы орта, негізгі мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне арналған көмекші әдістемелік құрал ISBN978-6017954-57-4. Алматы және Ақтөбе облыстық ғылыми - тәжірибелік орталығы. "Дене шынықтыру пәнінен белсенді оқыту әдістері" электронды орта жарыққа шықты. Г.Е.Қоразованың Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының «Мұғалімнің инновациялық қызметі-сапалы филологиялық білімінің кепілі» тақырыбындағы облыстық конференция жинағына мақаласы жарияланды. Г.Е.Қоразованың Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығынан «Формирование учащихся познавательного интереса, развитие творческих и исследовательских навыков» әдістемелік құралы шықты. Б.Н.Тлеубергенованың «Жаңартылған білім мазмұны аясында математика пәнін оқыту ерекшеліктері» авторлық оқу бағдарламасы жарияланды. Алматы қаласы ISBN9786017954574. Б.Н.Тлеубергенованың «Өрлеу» БАҰО АҚ «Математика пәнінен сындарлы оқытуға негізделген сабақтар топтамасы» тақырыбына электронды ортасы шықты. Тулесов Б.Б. - Ақтөбе қаласыдағы ағылшын тілі пәні мұғалімінің "A WEB PAGE" және "BE GOING TO AND PRESENT TENSES FOR THE FUTURE" тақырыбындағы материалдары "TEACHER RESOURCE" журналының 2024 жылғы ақпан-сәуір айындағы №1-2 санына жарияланды. Б.Б.Тулесов Ақтөбе облысы ғылыми-тәжірибелік орталығы. Электронды орта. Ағылшын тілі пәнінен "Презентациялар жиынтығы" шықты.

27 тамызында «Өрлеу» БАҰО» АҚФ ҚР Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институтында жаңа оқу жылында еліміздегі білім берудің негізгі басымдықтарын талқылау және оқушылардың білім алуы мен дамуына қолайлы, әрі қауіпсіз жағдай жасау арқылы өмір сүру сапасы мен білім беру сапасын жақсарту мақсатында

«Менеджмент және инклюзивті білім беру» кафедрасының әдістемелік сүйемелдеу және курстан кейінгі қолдау мақсатында «Жаңа оқу жылындағы білім берудің негізгі басымдықтары» тақырыбындағы республикалық on-line семинар өтті. https://www.instagram.com/p/CTFg6Ljj3_v/?igsh=bTdmODdrbWQ4azRs

3 желтоқсан күні ҚР Тәуелсіздік күні қарсаңында Елбасының «Үштілділік туралы» бағдарламасы аясында орыс тілі мен әдебиеті пәні мен ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған ағылшын тілі пәні мұғалімі Б.Б.Тулеповтың, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ғ.Е.Қоразованың шеберханасы ашылды. https://www.instagram.com/tv/CXBX4JKAdz_/?igsh=MXI3cHE0dTd4OTVnNQ==

6,7,8 желтоқсан күндері серіктес №74, №75 ЖББОМ-мен кәсіби желілік қауымдастық орната отырып, тәжірибе тарату мақсатында, бастауыш сынып мұғалімдеріне, жаратылыстану-математика пәндері мұғалімдеріне, қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы мұғалімдеріне арналған ашық есік күндері өтті. <https://www.instagram.com/p/CXKzvF6D6Jy/?igsh=MWZsbjlkZXU3djZmZw==>
<https://www.instagram.com/p/CXL5Kz4Mpsa/?igsh=MTJveXd3MDhvNDFhNg==>
<https://www.instagram.com/p/CXSe0EbDipJ/?igsh=MTdweJBrdzY0OGZ3bQ==>

23 желтоқсан күні Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-нің, Педагогика, психология және бастауы оқыту кафедрасының филиалының жоспарына сәйкес, бастауыш класс мұғалімдерінің құзыреттілігін арттыру мақсатында «Жанартылған білім мазмұны-заман талабы» тақырыбында семинар өтті. <https://www.instagram.com/p/CX1OU1xMnKI/?igsh=MWdzbGFnbzRkeGRrcg==>

26 қаңтар күні қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес «Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшінің ролі» тақырыбында сынып жетекшілері мен тәрбие орынбасарларына арналған қалалық семинар өтті. <https://www.instagram.com/p/CZNBOYSM2gg/?igsh=MW01bHk1cGZjbmRpYQ==>

28 қаңтар күні қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес «Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» тақырыбына математика пәні мұғалімдеріне арналған қалалық семинар өтті. <https://www.instagram.com/p/CZRmbS8syjf/?igsh=MTE3cWhqNHprb3p6cA==>

2 ақпан күні қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес «Дене шынықтыру тәрбиесі сабақтарында жаңартылған білім мазмұнын сапалы жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдай жасау» тақырыбында дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне арналған қалалық семинар өтті. <https://www.instagram.com/p/CZcaggdMK4k/?igsh=dmdumW50eGQ5OGkx>

18 ақпан күні ауыл мен қала мектептері арасында өзара ынтымақтастық орта құру мақсатында «Ынтымақтасқан, бірлескен орта-жаңаша білім берудің кепілі» тақырыбында №65 ЖББОМ мен Ырғыз ауданы, Құйлыс орта мектебінің арасында меморандумға қол қойылып, ынтымақтастық оната отырып, тәжірибе бөлісу семинары өтті.

<https://www.instagram.com/p/CaNYMdqMLRl/?igsh=YjE2cXpuNnd4NzY4>

8 сәуір күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Б.Б.Тулеповтың жетекшілігімен «Тиімді жоспарлау арқылы оқытуды жақсарту» тақырыбында шеберхана отырысы өтті. <https://www.instagram.com/p/CcGdoryMF6h/?igsh=MXJ1b2U0M2FjMzRldA==>

8 сәуір күні орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ғ.Е.Қоразованың жетекшілігімен «Орыс тілі пәнінен бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу» тақырыбында шеберхана отырысы өтті.

<https://www.instagram.com/p/CcGb1cVMJQE/?igsh=aWlpeWV6eHRxYTcy>

8 сәуір күні орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі «Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында белсенді оқыту әдістері» тақырыбында қалалық семинар өтті.

<https://www.instagram.com/p/CcGazQasbU8/?igsh=MWswNDF4ZW9hc2xkbQ==>

2022-2023 оқу жылында

«Өрлеу» БАҰО ұйымдастыруымен Б.Е.Алимбетова «Үздік бастауыш класс мұғалімі» республикалық байқауынан 1 орын. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен, облыстық педагогикалық пәндік олимпиададан Б.Е.Алимбетова – бастауыш сынып-2 орын, Н.К.Амангулова – бастауыш сынып-1 орын, А.К.Амидуллаева – биология -1 орын, Ш.Қ.Байсұлтанова – математика -1 орын, Н.Б.Ершекенова – қазақ тілі мен әдебиеті - 3 орын, А.Б.Еспамбетова - бастауыш сынып - 1 орын, Н.Ш.Жайтуганова – бастауыш сынып - 1 орын, М.С.Жантурина – бастауыш сынып - 1 орын, А.Жолдыбаева – биология-1 орын, А.Ш.Исабекова - бастауыш сынып - 1 орын, Б.К.Қайнадин – дене шынықтыру - 2 орын, Н.А.Нағыметова – информатика - 2 орын, В.Б.Шағырова – бастауыш сынып- 2 орынға ие болды.

Республикалық ғылыми-әдістемелік «Бастауыш мектеп» журналына Н.К.Амангулованың, В.Б.Шағырованың мақаласы жарияланды. Ш.Қ.Байсұлтанованың «Қазақстан орта мектебі» журналына сабағы жарияланды. Республикалық деңгейде Н.Б.Ершекенованың «Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушыларды шығармашылыққа баулу» әдістемелік құралы шықты. А.Б.Еспамбетова мен Н.Ш.Жайтуганованың "Бастауыш сыныптағы математика пәнінен қызықты және логикалық тапсырмалар жинағы" ISBN978-601-7954-57-4 әдістемелік құралы шықты және "Өрлеу" БАҰО" АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты. "Педагогтердің шығармашылық және зерттеу жұмысын ұйымдастыру-сапалы білім берудегі уақыт талабы" облыстық ғылыми-практикалық конференциясының жинағына мақалалары жарияланды. Н.Ш.Жайтуганованың «Қазақстан орта мектебі» әдістемелік журналына мақаласы жарияланды және Ақтөбе облыстық газетіне мақаласы жарияланды № 116 (21.305). М.С.Жантуринаның "Кіші бастауыш буындағы жаратылыстану пәні терминдері" арнаулы курс бағдарламасына әдістемелік құралы шықты және Шығыс Қазақстан облысы, қабанбай батыр - 330 жыл, "Жаугершілік заманның қызық батырлары: тарих және тағылым" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға материалдары жинағына енді. А.Жолдыбаева облыстық "Үздік экологиялық білім беру ұйымы" Ұлттық конкурсының "Жасыл Қазақстан: Қазақстанның үздік экологиялық жобасы" байқауы жобасының қалалық кезеңінен Алғыс хатқа ие болды және "Қазақстан орта мектебі" Республикалық әдістемелік журналына мақаласы жарияланды. А.Жолдыбаеваның "Биология пәнінде экологиялық мазмұны бар тәрбие берудің маңызы" тақырыбындағы әдістемелік авторлық кітабы шықты және Педагогикалық қоғамдастық хабаршысы. Республикалық әдістемелік журналда

"Биология пәнінен оқушылардың танымдық іс-әрекетін арттырудағы жұмыс дәптерінің рөлі" тақырыбындағы мақаласы жарияланды. Б.А.Кабакбаевтың Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығынан «География пәнінен жаңа білім беру мазмұнына сай оқыту» әдістемелік құралы шықты. Физика пәні мұғалімі А.Коянбаеваның «Физика» республикалық ғылыми-әдістемелік журналында сабағы жарияланды № 6(103) және «Мектеп ұстаздарының әлемі» журналына мақаласы жарияланды. Г.Е.Қоразованың «Қазақ тілі және әдебиеті» республикалық педагогикалық-әдістемелік журналына сабағы жарияланды. Н.А.Нағыметованың 5 сынып бойынша информатика пәні мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралы шықты. ISBN 978-6017954-57-4. Б.Б.Тулесовтың Ақтөбе облысы бойынша ғылыми-тәжірибелік орталығы. Тамыз конференциясында баяндама жинаққа шықты.

14 қараша күні «Әдістемелік кабинет» КММ жоспарына сәйкесәйгілшын тілі пәні мұғалімі Б.Б.Тулесовтың «Сабақты талдау және жоспарлау» тақырыбына кезекші шеберхана отырыс өтті.

<https://www.instagram.com/p/Ck8Fz1IsJAf/?igsh=aHIzcHdnZXcwcG9r>

14 қараша күні орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған Г.Е.Қоразованың «Орыс тілінен бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу» тақырыбындағы шеберхананың кезекті отырысы өтті.

<https://www.instagram.com/p/Ck8CFZ4sCom/?igsh=OWtoazBpZW5lbWY5>

13 желтоқсан күні «НЗМ» ДББҰ Ақтөбе облысы бойынша Педагогикалық шеберлік орталығының жоспарына сәйкес курстан кейінгі қолдау мақсатында бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс, ізденіс, тәжірибе» тақырыбында облыстық семинар өтті.

26 қантар күні «Ақтөбе-Өрлеу» филиалының жоспарына сәйкес «Жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқытуды инновациялық технологияларды қолдану» тақырыбындағы облыстық семинар өтті.

https://www.instagram.com/p/CoCNwXcsvm_/?igsh=eGhnaXdjc3F2dGMw

14 ақпанда «Ақтөбе-Өрлеу» институтынан біліктілігін арттырған педагогтерге арналған курстан кейінгі қолдау мақсатында «Сабақты тиімді жоспарлау-мақсатқа жетудің кепілі» тақырыбында облыстық семинар өтті.

<https://www.instagram.com/p/CopK7zEMVBz/?igsh=ZHQ5MHc3a2t6cHZw>

22 ақпанда «Әдістемелік кабинет» КММ жоспарын сәйкес «Көркем еңбек сабағын жоспарлаудағы практика» тақырыбындағы шеберхананың бірінші отырысы өтті.

<https://www.instagram.com/p/CpCFsHqjygu/?igsh=MXR0bXFuMG8xY2Mweg==>

24 мамыр күні «Әдістемелік кабинет» КММ жоспарын сәйкес «Көркем еңбек сабағын жоспарлаудағы практика» тақырыбындағы шеберхананың екінші отырысы өтті. <https://www.instagram.com/p/CspmAp1IVMG/?igsh=enFhMjBicmM3bWln>

25 мамыр күні «Ақтөбе-Өрлеу» филиалының жоспарына сәйкес педагогтерді курстан кейінгі қолдау мақсатында «Білім сапасын арттырудағы интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігі» тақырыбына информатика пәні мұғалімдеріне арналған облыстық семинар өтті.

<https://www.instagram.com/p/Csqj8umszhE/?igsh=MWxwcXkwdHdpY3E0MA==>

2023-2024 оқу жылында

Бастауыш сынып мұғалімі Б.Е.Алимбетованың «Үздік қалам» республикалық ғылыми-танымдық әдістемелік журналға сабағы жарияланды. Облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен пәндік олимпиада Б.Е.Алимбетова – бастауыш сынып-2 орын, Н.К.Амангулова - бастауыш сынып-3 орын, А.К.Амидуллаева – биология-3 орын, Р.А.Амитова –көркем еңбек- 3 орын, Н.Атыраубаева – математика- 2 орын, А.Б.Еспамбетова – бастауыш сынып-1 орын, Г.Н.Жүсіпова - бастауыш сынып- 3 орын, Мергенбаева И.Т.- мектепалды даярлық -3 орын, А.Қ.Мусаева – биология-3 орын, Л.Тилепова – тарих-3 орын, Б.Н.Тлеубергенова – математика- 3 орын, Б.Б.Тулесов – ағылшын тілі-3 орын (ақпан), Б.Б.Тулесов – ағылшын тілі- 3 орын (қыркүйек), Ж.Ш.Усманова – бастауыш сынып-3 орын, В.Б.Шағырова – бастауыш сынып-2 орынға ие болды.

А.Қ.Мусаева - жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің арасында өткізілген «Үздік сабақ – 2023» қалалық сырттай байқауына қатысқаны үшін – Сертификат.

Республикалық ғылыми-әдістемелік «Математика және логика» журналына Ш.Қ.Байсұлтанованың сабағы жарияланды. А.Б.Еспамбетова НЗМ ПШО "Өзгеріс жаршысы" тақырыбындағы Жетекші мектеп директорларының коворкингіне қатысты. А.Б.Еспамбетованың облыстық қоғамдық-саяси газеті "Ақтөбе" 16.02.2024ж №14 (21, 462) мақаласы жариялады.

М.С.Жантурина мен А.Б.Еспамбетова "НЗМ" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Педагог қызметкерлердің республикалық тамыз конференциясы аясындағы өңірлік конференциясы аясындағы өңірлік пәндік секцияларында дәріс өткізді. Б.К.Кабакбаевтың, Г.Е.Қоразованың, А.Б.Еспамбетованың, Қ.С.Отарбаеваның, Н.Б.Ершекенованың, Ш.Қ.Байсұлтанованың «Қазақстан орта мектебі» журналында № 6-7, 2024ж. сабақтары жарияланды. Н.Ш.Жайтуганованың, Б.Е.Алимбетованың, Ж.Ш.Усманованың, В.Б.Шағырованың, Н.Р.Кушерованың республикалық «Бастауыш мектеп» журналының №6-7, 2024ж сабақты жарияланды. 2024 жылдың №7-8 (256-257) «Қазақстан орта мектебі» жреспубликалық журналына № 65 мектептен 29 мұғалімнің мақаласы және 9 сынып жетекшісінің тәрбие сағаттары жарияланды. З.Е.Кзылбаеваның «Ағылшын тілі сабағында оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалану» тақырыбында әдістемелік құралы шықты. ISBN 978-6017954-57-4. Алматы және «Қазақстан орта мектебі» журналына сабағы жарияланды. Қ.С.Отарбаеваның Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Ізінен аңыз ерген Ілияс Есенберлин» атты облыстық ғылыми-практикалық конференциясында мақаласы жарияланды. Б.Ж.Тагабиргеновтың Республикалық әскери патриоттық педагогикалық әдістемелік журналына «Әскери робот техника негіздері» тақырыбында мақаласы жарияланды № 2-3 (140-141) 2024ж.

2 қараша күні «Әдістемелік кабинет» КММ жоспарын сәйкес «Көркем еңбек сабағын жоспарлаудағы практика» тақырыбындағы көркем еңбек пәні мұғалімі Амитова Рауза Адильгереевнаның қала мектептерінің көркем еңбек мұғалімдеріне жетекшілік ететін шеберханасының отырысы өтті.

<https://www.instagram.com/p/CzQlNqyMwfn/?igsh=MXF2YTl4MWo5a28zdg==>

20 желтоқсан күні Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының және НЗМ ДББҰ Ақтөбе облысы бойынша Педагогикалық шеберлік орталық келісімі бойынша бастауыш класс мұғалімдерін курстан кейінгі қолдау мақсатында «Бастауыш сынып мұғалімдерінің қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды пайдаланудағы тиімділігі» тақырыбына облыстық семинар өтті. Н.А.Нағыметованың №4 "Информатика негіздері" ғылыми - әдістемелік журналына 5 сынып информатика пәнінен "Роботтың сызық бойымен қозғалысы" атты сабағы баспаға шықты.

<https://www.instagram.com/reel/C1E4gvVMfB8/?igsh=djl3ZnFuZzV1NjZm>

17 қаңтар күні «Әдістемелік кабинет» КММ жоспарына сәйкес Жантурина Марфуха Саменовнаның жетекшілігімен жас мамандарды қолдау мақсатында бастауыш сынып мұғалімдеріне «Сабақты тиімді жоспарлау» тақырыбына шебер-класс өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C2NkeFxmNL7/?igsh=MXB6ZjFidGl3cmo5dw==>

25 қаңтар күні қалалық «Әдістемелік кабинет» КММ жоспарына сәйкес «Әдістемелік жұмыстағы инсайттар» тақырыбына жас мектеп директорларына арналған қалалық семинар өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C2kf3trsy0W/?igsh=MXFhcHFocnF0N2MzcA==>

30 қаңтар күні Ақтөбе қаласының білім бөлімі Әдістемелік кабинет жоспарына сәйкес «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-нәтижелі білім берудің негізі» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған семинар өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C3kcczjM32j/?igsh=N2RuYTVtMWdrZzVw>

26 ақпан күні «Әдістемелік кабинет» КММ жоспарына сәйкес «кітап және оқу, дәстүр мен жаңашылдық» тақырыбында мектеп кітапханашыларына арналған қалалық семинар өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C30HtCXMsHI/?igsh=MWt2MmwxMjg1aXg1cA==>

3 сәуір күні серіктес №45, №75 жалпы білім беретін мектептерімен желілік қауымдастық орната отырып, тәжірибе алмасу мақсатында ашық есік күні өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C5TMbbVM3jK/?igsh=MTc1azVhM2c4N281Mw==>

9 сәуір күні «Жаратылыстану-математика білім саласы пәндерін оқытудың әдістемелік еекшеліктері» тақырыбында «Өрлеу» ДББҰ жоспарына сәйкес семинар-консилиум өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C5jRlaLMo9-/?igsh=MXRieDRua28wendzeA==>

12 сәуір күні «Әдістемелік кабинет» КММ жоспарына сәйкес «Білім алушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудағы тәрбиенің ролі» тақырыбында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына арналған қалалық семинар өтті. <https://www.instagram.com/reel/C5xNiQpoZKH/?igsh=YnN2cng0Y3JiaGJu>

12 сәуір күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Тулепов Бауржан Бахитжановичтің жетекшілігімен «Тиімді жоспарлау арқылы оқытуды жақсарту» тақырыбындағы шеберхананың кезекті отырысы өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C5s4gcgsWOi/?igsh=NWVmc2VkeWQyMjZk>

12 сәуір күні орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қоразова Ғазиза Ерболатқызының жетекшілігімен «Орыс тілі пәнінен бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу» тақырыбындағы шеберхананың кезекті отырысы өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C5s4MeasABA/?igsh=MWV3ZHF6ZjdmeDNkNA==>

30 сәуір күні Ақтөбе қаласы білім бөлімі Әдістемелік кабинет жоспарына сәйкес «Жаратылыстану пәндері бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» тақырыбына жаратылыстану пәні мұғалімдеріне арналған дөңгелек үстел өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C6YiuM9MhAQ/?igsh=Y3kwYWV4cjRseGtr>

15 мамыр күні Ақтөбе қаласының білім бөлімі Әдістемелік кабинет жоспарына сәйкес №65 мектепте қалалық ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарларының «өзін-өзі бағалау стратегиялары» тақырыбында кезекті отырысы өтті.

https://www.instagram.com/reel/C6_68B1MrIy/?igsh=MWFmejRxNDM0NTljMQ==

№ 65 жалпы білім беретін орта мектебінде НЗМ Педагогикалық шеберлік орталығында екі мұғалім М.С.Жантурина және А.Б.Еспамбетова Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған курс өткізу үшін тартылған тренерлері болып табылады. М.С.Жантурина 2021 жылдан бастап Республикалық «Бастауыш сынып» журналының алқылдастар алқасы мүшесі.

2021-2022 оқу жылында.

Ағымдағы жылдың І-ші жартыжылдығы бойынша оқушылардың жеткен жетістіктері:

Жетекшісі	Оқушының жетістіктері:/диплом,сертификат,алғыс хат/.		
	Қалалық	Облыстық	Республикалық,
Тулесов Бауржан Бахитжанович	Дарын РҒПО қалалық лингвистикалық олимпиадада Исаева Бейбіт ІІІ орын-диплом		І.Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай“U-STUDY” аймақтық тестілеу орталығымен ұйымдастырылған республикалық эссе байқауына белсене қатысқаны үшін Әбдіғалиева ІІ- грамота
Ершекенова Назгүл Бектуғанқызы	ІІІ ашық «Жерлестер жаңғырығы» поэзия байқауынан Бас жүлде – Русланқызы Мейрамгүл-диплом		
Кәдір Жұлдыз Есболатқызы	5-6 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиаданың ІІ кезеңінде 3 дәрежелі диплом-Ертай Хадиша		
Жақсылық Гүлзат Еркінқызы	5-6 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиаданың ІІ кезеңінде 3 дәрежелі диплом -Барлық Қарақат		

Қоразова Ғазиза Ерболатовна	5-6 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиаданың II кезеңінде 3 дәрежелі диплом- Махаббатқызы Айша		
Казманов Нурлан Куатович		Жалпы білім беретін пәндер бойынша республика лық ғылыми жоба конкурсы облыстық кезеңінде тарих секциясы бойынша 11 класс оқушысы Тулеубаева Нұрзия III орын	«История строительства первого внутреннего нефтепровода Каспий- Орск в Казахстане» республикалық конференцияда Тулеубаева Нұрзия - I орын

Бастауыш сыныптар бойынша 2021-2022 оқу жылының

р/с	Іс-шара атауы	Қатысқан оқушылар саны	Жетістіктері:
1	Республикалық әдеби байқау	18	1.Қаныбек Кәусар -2 дәрежелі Диплом 2.Қасымқан Раяна -3 дәрежелі Диплом 3.Ахмет Айбат-2 дәрежелі Диплом 4.Әлімжан Еңлік -3 дәрежелі Диплом 5. Жаңабай Ернар-2 дәрежелі Диплом 6.Әділжан Қырмызы-1 дәрежелі Диплом 7.Айболатқызы Айару-3 дәрежелі Диплом 8.Кенжебай кәусар-2 дәрежелі Диплом 9.Есенгелді Жайдарман -1 орын 10..Асқарқызы Арайлым-1 орын 11.Бүркітәлі Кәусар-1 орын 12.Жайлан Аружан-1 орын 13.Дадина Ақбаян-1 орын 14.Ақан Наргиз-1 орын 15.Кенжебай Кәусар -1 орын 16.Садулов Абдубақыт -1 дәрежелі Диплом 17.Кожакұлов Диас-1 орын 18.Кожакұлов Диас -1 дәрежелі Диплом
2	Қалалық дарынды балалар байқауы	12	1.Қаныбек Кәусар-3орын 2.Ерикова Ботагөз-1 орын 3.Дабыл Әлижан-2 орын 4. Уалихан Сұлтан- бас жүлде 5.Амангелді Азиза -1 орын 6.Айғали Әсел- Алғыс хат 7. Жұбаниязова Әсел-1 орын 8.Кенжебаев Ақберен-2 орын 9.Дабыл Әлижан-1 орын 10.Бактығали Дарын-2 орын

			11. Дулатова Еркеназ-2 орын 12. Вали Олжас-2 орын
3	«Жаңа ғасыр таланттары» республикалық байқауы	18	1. Жайлан Айша –I орын 2. Хамидулла К – II орын 3. Нурбергенов О –III орын 4. Оралбаева Р – III орын 5. Зинелова Р – III орын 6. Андреева Ж – III орын 7. Қуанбай Б –I орын 8. Ертай Х –II орын 9. Жұмабай Ш –III орын 10. Сағындықова К –I орын 11. Қайрат А – II орын 12. Вали О –II орын 13. Сұлтанғали А – II орын 14. Дулатова Е –II орын 15. Кенжеғалиева А –II орын 16. Дабыл Ә –II орын 17. Тлеулі Г –II орын 18. Кенжебай К – I орын
4	«Тәуелсіздік-тәңір сыйы» республикалық байқауы	7	1. Есенгелді Ж –I орын 2. Ақан Н –I орын 3. Дадина А- I орын 4. Асқарқызы А –I орын 5. Жайлан А – I орын 6. Кенжебай К –I орын 7. Бүркіталы К –I орын
5	«www.Ebilim.kz» элект. порт. ұйымдастырған «Жас математик» олимпиадасы	6	Қасымхан Р – III орын Қаныбек К –II орын Бақытжан П – II орын Әлімжан Е – III орын Жаңабай Е – II орын Кенжебай К – II орын
6	«Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту» бөлімі, «Геолог» МҮ, «Алғашқы қадам» байқауы	1	Уалихан Сұлтан –Бас жүлде
7	«Қас-қағым сәт» қалалық байқауы	3	Ерикова Б – I орын Дабыл Әлижан – II орын Қаныбек Кәусар – III орын
8	«Өз жерінді танып біл» республ. байқауы	2	Әділжан Қ - I дәрежелі Айболатқызы А – III дәрежелі
9	«Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту» бөлімі, «Сазды» МҮ, «Тәуелсіздік-тәңір берген тәтті сый» сурет байқауы	3	Амангелді А –I орын Айғали Ә – Алғыс хат Жұбаниязова Ә –I орын
10	«Жаңа Жыл ертегісі» қалалық байқауы	4	Вали О –II орын Дабыл Ә – I орын Бақтығали Д –II орын

			Кенжебаев В –II орын
11	Қалалық жас натуралистер стансасы, «жаңа Жыл ертегісі» қалалық сырттай балалар шығармашылық байқауы	1	Дулатова Е – II орын

2022-2023 оқу жылында қаңтар-ақпан айларында өткізілген 9-10-11 кластар арасында жалпы білім беретін пәндері бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде мектебіміздің атынан барлығы 18 оқушы қатысып 8 оқушы жүлделі орынға ие болды. Олар: 11 класс оқушысы Көлдеева Аяулым биология пәнінен III орын, 10 класс оқушысы Жолымбетова Айнара биология пәнінен алғыс хат, 10 класс оқушысы Жолжанова Салтанат қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен III орын, 9 класс оқушысы Каракулова Айгерім биология пәнінен III орын, 9 класс оқушысы Бөкенбай Сұлтан Информатика пәнінен II орын, облыстық кезеңге жолдама, 10 класс оқушысы Қожақұлова Әсем ағылшын тілі пәнінен III орын, 9 класс оқушысы Сайлаубай Нұртуған Қазақстан тарихы пәнінен III орын, 9 класс оқушысы Бисұлтан Ерасыл физика пәнінен алғыс хат иеленді. 8-9-10-11 класс оқушылары арасында өткен лингвистикалық олимпиадаға мектебіміздің атынан 4 оқушы қатысып, 10 класс оқушысы Қожақұлова Әсем жүлделі III орынға, 8 ә класының оқушысы Жұмабай Айсәуле алғыс хатқа ие болды. 7-8 кластар арасында өткен жасөспірімдер олимпиадасына мектебіміздің атынан 9 оқушы қатысып 3 оқушы жүлделі орынға ие болды. Олар: 8 класс оқушысы Әнес Аружан физика пәні бойынша II орын, 7 класс оқушысы Машырық Ақниет математика пәні бойынша III орын, 7 класс оқушысы Бисұлтан Арнұр биология пәні бойынша II орын иеленді. 5-6 кластар арасында өткен кіші олимпиадасынан мектебіміздің атынан 11 оқушы қатысып 5 оқушы жүлделі орынға ие болды. Олар: 6 класс оқушысы Барлық Қарақат орыс тілі пәнінен алғыс хат, 5 класс оқушысы Ыңғай Бекет жаратылыстану пәнінен алғыс хат, 5 класс оқушысы Жұмабек Ғұбайдолла математика пәнінен III орын, 6 класс оқушысы Бақытов Алихан математика пәнінен II орын, 5 класс оқушысы Төлеп Ақбота орыс тілі пәнінен III орын иеленді. Қазан айында 4 кластар арасында өткен «Кішкентай білгір» атты интеллектуалды сайысының қалалық кезеңінде мектебіміздің «Ұшқын-65» командасы жүлделі III орынға ие болды. Олар: 4 а класының оқушылары Сағындықова Кәусар мен Дулатова Еркеназ және 4 ә класының оқушылары Маратов Бейбарыс пен Қожакулов Диас. Бастау олимпиадасына 1 команда қатысты. Республикалық «Зерде» ғылыми жобалар мен шығармашылық жұмыстар байқауының қалалық кезеңінде 4 класс оқушысы Дабыл Әлижан биология секциясы бойынша қатысып III орынға ие болды. Жетекшісі Шағырова Венера Бейбітқызы. Республикалық «Зерде» ғылыми жобалар мен шығармашылық жұмыстар байқауының қалалық кезеңінде 7 класс оқушысы Марал Лиана физика, космос секциясы бойынша қатысып III орынға ие болды. Жетекшісі Қоянбаева Асылгүл Жайтуғанқызы. Республикалық «Ақберен» шығармашылық байқауының қалалық кезеңінде «Ұлттық аспапта өнер көрсету» номинациясы бойынша 8 класс оқушысы Нұрпейісова Дина жүлделі II орынға ие болды. «Қыран елім, Қазақстаным»

облыстық патриоттық мәнерлеп оқу байқауында 5 класс оқушысы Асылханов Шыңғыс жүлделі ІІІ орынға ие болды. Бала жылы аясында ұйымдастырылған қалалық «SMART» математика байқауында 6 класс оқушысы Қамбар Данияр алғыс хат, 5 класс оқушысы Зиоллин Бекарыс алғыс хат, 5 класс оқушысы Жұмабек Ғұбайдолла алғыс хат, 6 класс оқушысы Еркеғалиев Мансур алғыс хат, 6 класс оқушысы Бақытов Алихан ІІ орын иеленді.

2023-2024 оқу жылында.

9-10 сынып оқушыларына арналған жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты республикалық интеллектуалдық конкурсына 9 класс оқушысы Қуандықова Тахмина қатысып, жүлделі ІІ-орынға ие болды. Жетекшісі: Тилепова Л.К.

ҚР-ның тәуелсіздігіне орай ұйымдастырылған «Тәуелсіз елім - кең байтақ жерім» тақырыбында эссе байқауының қалалық кезеңіне 3 оқушы қатыстырылып екі оқушы жүлделі орындарға ие болды. Олар: 10 кл оқушысы Бисұлтан Ерасыл ІІІ-орын, жетекшісі: Отарбаева Қ.С. 9 кл оқушысы Қуандықова Тахмина ІІІ-орын жетекшісі. Тилепова Л.К. Жас зерттеушілерді қолдау мақсатында ЖББМ-ң 2-7 класс оқушылары арасында Республикалық «Зерде» шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстарына мектебімізден 8 оқушы қатыстырылды. Бағыттары:

Этномәдениетану, биология, ағылшын, тарих, информатика, робототехника, қазақ тілі. Жүлделі орынға ие болған оқушылар: Қазақ тілі бағыты бойынша Ертай Хадиша «Алғыс хат» Жетекшісі: Кәдір Ж.Е. Информатика бағыты бойынша ІІІ-орын Әдиқызы Айзере. Жетекшісі: Нағыметова Нұргүл Аманбекқызы Биология бағыты бойынша Сәкенқызы Жұлдызай «Алғыс хат». Жетекшісі: Мусаева Асия Қайратқызы.

Оқушылардың «қолданбалы филология» пәнін оқуға қызығушылығын арттыру, жалпы білім беруде ой-өрістерін дамыту, ғылыми білімді насихаттау мақсатында лингвистика бойынша республикалық іріктеу олимпиадасына 8-11 кл оқушылары арасында 4 оқушы қатыстырылды. Нәтижесінде: 8 кл. Маралова Лиана ІІІ-орын, 9 кл Жұмабай Айсәуле ІІ-орын, 11 кл. Қожақұлова Әсем ІІІ-орынға иеленді. Жетекшілері: Тулепов Б. Ершекенова Н. Қоразова Ғ. Республикалық махамбет оқулары байқауының қалалық кезеңіне «Біз неткен ер, неткен ер» бағытында 10 кл оқушысы Каракулова Айгерім «Алғыс хатпен» марапатталды. Жетекшісі: Отарбаева Қ.С. 8-10

класс оқушылары арасында облыстық «Төл теңгенің 30 жылдығы» атты эссе байқауының қалалық кезеңінен І-орынға ие болған 8 кл оқушысы Сапарбай Арай марапатталды. Жетекшісі: Ершекенова Н.Б. Орыс тілі пәнінен республикалық олимпиадаға қатысып 9 кл оқушысы Әнесова Нұрдана І - орын иеленді. Жетекшісі Қоразова Ғ.Е. Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл толына орай 7 - класс оқушыларына тарих пәнінен ұйымдастырылған облыстық олимпиадаға қатысып, мақтау қағазымен Сұлтанғали Жұлдызай марапатталды. Жетекшісі. Тилепова Л.К.

Республикалық «Дала данышпандары» атты байқауының қалалық кезеңінде «қазақ қоғамындағы би-шешендер мұрасы» тақырыбында жоба ұсынып І - орынға 9 класс оқушысы Нұрпейісова Дина марапатталды. Жетекшісі: Отарбаева Қ.С. «Тура биде туған жоқ» викториналық сұрақ байқауына қатысып, ІІІ - орынға 10 кл оқушысы Құрақбаева Тоғжан ие болды. Жетекшісі: Тилепова Л.К. Облыстық «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» атты эссе байқауының қалалық кезеңінен 9-класс

оқушысы Жақсылық Бикелді ІІІ-орын. Жетекшісі: Амидуллаева Айнур Курбангазыевна 10кл оқушысы Құрақбаева Тоғжан ІІ-орынға ие болды. Жетекшісі: Тилепова Л. Білім беру педагогикалық шығармашылық орталығымен «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығымен бірлеме ұйымдастырылған «Сапсан» пәндік онлайн олимпиадасына Биология - 9 оқушы, математика 4-оқушы, тарих 4/4 оқушы, ағылшын 10- оқушы, физика - 2 оқушы, қазақ тілі 2 - оқушы, химия 4 оқушы, математика 5 оқушы. Барлығы - 46 оқушы қатыстырылды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 кл оқушыларының қалалық кезеңіне 22-оқушы қатыстырылды. Нәтижесінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 10кл Каракулова Айгерім ІІ-орын Жетекшісі: Отарбаева Қ.С. Ағылшын тілі пәні бойынша 10 кл оқушысы Маралова Аяна Алғыс хат, Жетекшісі. Тулепов Бауыржан Қазақстан тарихы пәні бойынша 10 кл оқушысы Сайлаубай Нұртуған ІІ-орын Жетекшісі Тилепова Л. К. Орыс тілі пәні бойынша 10 кл оқушысы Кенжебай Рухнадин ІІІ-орын, 9 кл оқушысы Әнесова Нұрдана. Жетекшісі Қоразова Ғазиза. Облыстық кезеңге жолдама алып, бақ сынап жатырған оқушылар: Әнесова Нұрдана, Сайлаубай Нұртуған, Каракулова Айгерім. Жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық кезеңіне 5-6 кл оқушыларына 12 оқушы, 7-8 кл 14 оқушыға сұраныс жіберілді. Абайтану олимпиадасының қалалық кезеңінен ІІ-орын 10кл оқушысы Каракулова Айгерім Жетекшісі: Отарбаева Қ.С. 6-класс оқушылары арасындағы пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінде Қазақстан тарихы пәнінен Алешова Қымбат ІІІ-орын иеленді. Жетекшісі: Тилепова Л.К. «Шежірелі өлкемнің тарландары» тақырыбында өткен қалалық зерттеу шығармалар мен мақала байқауынан ІІІ-орын Қуандықова Тахмина Жетекшісі: Тилепова Л.К. «Күй-күдірет» атты жас күйшілер байқауының қалалық кезеңінде 9 класс оқушысы Нұрпейісова Дина «Бас жүлде» иеленді Жетекшісі: Отарбаева Қ.С. Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қалалық кезеңінің математика пәнінен 7-кл оқушысы Бақытов Алихан ІІ-орын Жетекшісі: Байсұлтанова Ш. Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қалалық кезеңінен биология пәні бойынша 7-кл оқушысы Сәкенқызы Жұлдызай І-орын Жетекшісі: Мусаева А. Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қалалық кезеңінен орыс тілі пәнінен 7-кл оқушысы Еркибаев Данияр ІІ-орын Жетекшісі: Қоразова Ғ. Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қалалық кезеңінен математика пәні бойынша 8-кл оқушысы Әнес Аружан ІІІ-орын Жетекшісі: Байсұлтанова Ш. Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қалалық кезеңінен физика пәні бойынша 8-кл оқушысы Бисұлтан Арнұр ІІІ-орын Жетекшісі: Қоянбаева А.Ж. «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының қалалық кезеңінде «Жас қаламгер» бағыты бойынша 10-кл оқушысы Каракулова Айгерім ІІІ-орын иеленді. Жетекшісі: Отарбаева Қ.С. Достық-2024 кешенді пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінде 6 - кл оқушысы Алешова Қымбат «Алғыс хат» иеленді Жетекшісі: Тилепова Лаззат, Ершекенова Назгүл, Тлеубергенова Бағдагүл, Кенесбай Айдана Абай оқулары байқауының қалалық кезеңі «Ұлылар әлемі» бағыты бойынша 10-кл оқушысы Каракулова Айгерім ІІ-орын иеленді. Жетекшісі: Отарбаева Қ. С. «Ұлылардан ұлағат» атты жаратылыстану-математика бағытындағы пәндік олимпиададан жүлделі ІІ орын алған 8 «ә» класс оқушысы Әнесова Аружан. Жетекшісі: Байсұлтанова Ш.Қ. Ақтөбе қаласының 155 жылдығына арналған «Менің

кіші Отаным» ғылыми жоба байқауына қатысып І орын иеленді. Қуандықова Тахмина. Жетекшісі: Тилепова Лаззат Киякбаевна. Республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінен 7-кл оқушысы Сәкенқызы Жұлдызай биология пәнінен ІІІ-орын иеленді. Жетекшісі: Мусаева А. «Бояулар құпиясы» байқауының қалалық кезеңінен 8-кл оқушысы Балықбай Бекзат ІІІ-орын иеленді Жетекшісі: Өмірзақов Р. Мұхтар Ғалиұлы Арынның туған күніне орай 9- сыныптар арасында «Мұхтар Арын-даналық дариясы» эссе байқауы бойынша 9 - сынып оқушысы Әнесова Нұрдана ІІІ орын. Үш тілге аударма жасау бағыты бойынша 10 сынып оқушысы Маралова Аяна ІІ орын. Тіл білімі бағыты бойынша 8 сынып оқушысы Санғалиева Нұршат ІІІ орындарды иеленді. Жетекшілері: Отарбаева К. С, Қоразова Ғ. Б, Абдижалелова Ғ.Т, Тулепов Б.Б. 2023-ші жылдың желтоқсан айында сынып оқушысы Бітімбаева Гүлшат Әділбекқызы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында өткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сурет байқауында «Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» номинациясын иеленіп, дипломмен марапатталды.

3. Білім алушылардың контингенті.

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы.

№ 65 жалпы білім беретін орта мектебінде білім алушылар контингентін қалыптастыру үдерісінің сапалы жүргізілуіне үлкен мән берілуде. Есептік жылдардағы білім алушылар контингенті туралы ақпарат төмендегі кестелерде берілген:

2021-2022 оқу жылы									
№	Контингенттің құрылымы	Бастауыш мектеп		Негізгі мектеп		Орта мектеп		Мектеп бойынша барлық контингент	
		Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны
	Жалпы білім беретін сыныптар	9	185	8	165	2	21	19	371

2022-2023 оқу жылы									
№	Контингенттің құрылымы	Бастауыш мектеп		Негізгі мектеп		Орта мектеп		Мектеп бойынша барлық контингент	
